

"Алматыметроқұрылыс" ашық акционерлік қоғамының жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 шілде N 1049

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен "Кредиторлық берешекті өтеуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 569 Р990569_ қаулысымен бекітілген 1999 жылы республикалық бюджетке несиелік берешектерді қайтару тәртібі туралы ереженің күшінің қолданылуын "Алматыметроқұрылыс" ашық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қоғам), Қоғамның республикалық бюджеттен нысаналы түрде қаржыландырылған Алматы қаласындағы метрополитен құрылысына байланысты қызметті ғана жүзеге асырғандығын ескере отырып, қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Оқығандар:

О м а р б е к о в а А . Т .

Қасымбеков Б.А.